

Бекітемін



Тақырыбы: «Табиғат- біздің досымыз»

«Күншуақ » мектепалды тобы.

Тәрбиеші: Ергалиева А.С

2026 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Таным (Қоршаған ортамен таныстыру)

Тақырыбы: «Табиғат – біздің байлығымыз»

Тобы: «Күншуақ» мектепалды

Ұзақтығы: 30–35 минут

SMART мақсаты:

Балалардың табиғат туралы білімдерін кеңейту, тірі және өлі табиғатты ажырата білуге үйрету. Зерттеу, бақылау және ойын арқылы танымдық қызығушылығын арттыру, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

Білімділік:

Тірі және өлі табиғат нысандарын ажыратады.

Табиғат құбылыстары туралы түсінігін кеңейтеді.

Дамытушылық:

Бақылау, салыстыру, талдау қабілетін дамытады.

Логикалық ойлауын және сөйлеу тілін жетілдіреді.

Тәрбиелік:

Табиғатты қорғауға, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже (5 дағды)

1. Физикалық дағды

Қимылды ойындарға қатысады, табиғат құбылыстарын қимылмен бейнелейді.

2. Коммуникативтік дағды

Табиғат туралы ойын анық жеткізеді, сұрақтарға толық жауап береді.

3. Танымдық және зияткерлік дағды

Тірі және өлі табиғатты салыстырады, қорытынды жасайды.

4. Шығармашылық дағды

Табиғи материалдардан композиция құрастырады, өз ойын сурет немесе жапсыру арқылы көрсетеді.

5. Әлеуметтік-эмоционалдық дағды

Топпен ынтымақтаса жұмыс істейді, табиғатқа жанашырлық танытады.

Құндылықтар

Табиғатты аялау

Жауапкершілік

Еңбекқорлық

Ынтымақтастық

Қажетті құралдар

Интерактивті тақта

Табиғаттың суреттері

Жапырақтар, тас, бұтақтар

«Сиқырлы сандық»

Карточкалар

Себеттер

Бағалау белгілері

Сабақ барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

Психологиялық ахуал

Тәрбиеші: – Балалар, бір-бірімізге күлімдеп қарап, бүгінгі күнімізге сәттілік тілейік.

Шаттық шеңбері

Күннің нұрын шашайық,

Жылу сыйлап тұрайық.

Табиғатты қорғайтын,

Білімді бала болайық!

II. Қызығушылықты ояту

Тәрбиеші табиғаттан жиналған заттар салынған «Сықырлы сандықты» әкеледі.
Балалар заттарды ұстап көріп, олардың не екенін анықтайды.

Сұрақтар:

Бұл заттарды қайдан кездестіреміз?

Табиғат дегеніміз не?

III. Негізгі бөлім

1-тапсырма «Тірі ме, өлі ме?»

Балалар суреттерді екі топқа бөледі.

Тірі табиғат: ағаш, құс, гүл, көбелек.

Өлі табиғат: күн, тас, бұлт, су.

5-дағды: танымдық, коммуникативтік.

2-тапсырма «Не өзгерді?»

Экраннан табиғат көрінісі көрсетіледі.

Кейін бір сурет алынып тасталады.

Балалар ненің өзгергенін табады.

Сергіту сәті

«Табиғат әуені»

Жел болып тербеледі.

Жаңбыр болып тырсылдайды.

Құс болып ұшады.

Гүл болып жайқалады.

3-тапсырма

«Табиғатты қорғайық»

Балалар жақсы және жаман әрекеттерді ажыратады.

Мысалы:

☒ Ағаш отырғызу.

☐ Қоқыс тастау.

☒ Құстарға жем беру.

☐ Гүлдерді жұлу.

4-тапсырма (топтық жұмыс)

1-топ

«Орман» макетін құрастыру.

2-топ

Табиғат пазлын жинау.

3-топ

Жануарларды мекеніне орналастыру.

Зерттеу тапсырмасы

«Сез, байқап көр»

Балалар табиғи заттарды ұстап көріп сипаттайды.

Қимылды ойын:

«Күн, жаңбыр, жел»

Тәрбиеші белгі береді.

Балалар қимылмен көрсетеді.

Рефлексия:

«Күншуақ сәулелері»

Балалар күннің суретіне сәуле жапсырады.

☀ Ұзын сәуле – бәрін түсіндім.

Орташа сәуле – аздап көмек керек.

Қысқа сәуле – тағы да үйренгім келеді.

Бағалау:

Балаларға «Табиғат жанашыры» медалі немесе жапсырмасы беріледі.

Қорытынды

Тәрбиеші:

– Балалар, бүгін біз табиғаттың адам өміріндегі маңызын түсіндік. Табиғатты аялау – әрқайсымыздың міндетіміз. Табиғатты қорғасақ, табиғат та бізге қамқор болады.